

• Шынайы өмірде үйлесімді қарым-қатынас орната алу және т.б. сияқты ғаламторға тәуелділіктің алдын алатын қарапайым қағидаларды есте сақтауын ұсынамыз.

Өйткені, әрбір тұлға – өз уақытының, өз өмірінің қожасы әрі өз ғұмырын түрлі-түсті бояулармен әсемдейтін суреткер. Шынайы қарым-қатынас ғаламтор көзінде емес, үздіксіз қозғалыстар болып жататын шынайы өмір мен жаныңда жүрген жақса адамдар арасында деп білеміз.

#### Әдебиеттер:

1. Янг, К.С. Диагноз Интернет-зависимость / К.С. Янг // Мир Интернет. 2000. № 2. – 68 с.
2. Егоров, А. Ю. Нехимические зависимости. — СПб.: Речь, 2007. — 190 с.
3. Янг К.С. Диагноз интернет-зависимость. Мир Интернет 2000. -127 с.
4. Войскунский А.Е. Феномен зависимости от Интернета // Гуманитарные исследования в Интернете / под ред. А.Е.Войскунского. –М.:Можайск-Терра, 2000.– 280 с.
5. Якоба И.А. Интернет как средство социальной коммуникации: особенности виртуального общения // Вестник ИрГТУ. -2011. - № 8. – 462 с.
6. Ученые выяснили, что социальные сети ведут к деградации личности, Портал города Подольск [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [http://podolsk50.ru/news/uchenye\\_vujasnili\\_chno\\_socialnye\\_seti\\_vedut\\_k\\_degradacii\\_lichnosti/2013-12-05-406](http://podolsk50.ru/news/uchenye_vujasnili_chno_socialnye_seti_vedut_k_degradacii_lichnosti/2013-12-05-406)
7. Griffiths M. Internet addiction: Fact or fiction? Psychologist. 1999. V.12. N.5. P. 362.
8. Бабаева Ю.Д., Войскунский А.Е. Проблемы детей одаренных в области ИТ// Аутизм [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.autism.ru/read.asp?id=121&vol=0>

**Турекулова С. С.**, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, филология факультеті, ҚЖ-32 тобы, студент  
(*Ғылыми жетекшісі - психология магистрі, шет тілі пәнінің аға оқытушысы Рахметуллина М.А.*)

### ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ФРАНЦУЗ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Қазіргі таңдағы журналистика – саналы жанның әлеуетін ашуға, қоғамдық қатынастарды реттеуге, мемлекет пен халық үшін маңызды ақпараттарды таратып, талқыға түсіруде маңызы зор сала. «Төртінші билік» ұғымына ие болып үлгірген, тарихы тереңде жатқан журналистиканың бүгінгі таңдағы орны әр елде сан-қилы. Өз елімізде бізді «өңкей өсекқұмарларға», «сауатсыздарға» «этика мен эстетикада дәрежесі төмендерге», «нансоғарларға» теңейтіндер саны біртіндеп артуда. Онан қала берді, технология неғұрлым дамыған сайын, журналистерге сұраныстың соғұрлым төмендейтінін дәлелдемек болып жүргендер де бар. Ендеше тарихқа зер салайық.

Қазақ даласында журналистиканың пайда болуы сонау ықылым замандарда «қазақ» ұғымы пайда болған тұстан бері есептеле береді. Алғашқы ақпарат тарату жолдарының, баспасөздің пайда болуы сынды дүниенің барлығы ұлтымыздың санасына, мәдениет пен дәстүріне орай дамып отырды. Десек те, тарихта мәңгілік қалатын баспасөздің алғашқы қарлығаштары ретінде «Түркістан уәлаяты» «Дала уәлаяты» газеттерін білеміз.

«Түркістан уәлаяты» газеті 1870 жылдан бастап, орыс тілінде шығатын «Туркестанские ведомости» газетіне қосымша ретінде айына төрт рет шығарыла бастаған [1.6].

Газеттің редакторлары ретінде – ұлты башқұрт болса да, қазақтың намысын қорғап, сойылын соққан, орыс және Шығыстың көп тілдерінде еркін сөйлеген, генерал-губернатордың тілмашы болған ізгі ниетті азамат Шахмардан Мирасұлы Ибрагимов еді. Ал, бұл басылымның аудармашысы, әрі әдеби қызметкері болып Хасен Жанышев, Заманбек Шайхы Әлібеков, Жүсіп Қазыбековтер жұмыс істеді. Аталмыш баспасөзде ресми және ресми емес 2 бөліктен тұрған. Ресми бөлімде патша өкіметінің бұйрық-жарлықтары жарияланып, үкімдері түсіндірілсе, ресми емес бөлімінде отырықшылық, егіншілік, мал шаруашылығы, сауда, ішкі-сыртқы жағдайлар, әдебиет, мәдениет, білім, ғылым, өнер мен әйел теңдігі мәселелері қаралды.

Жалпы алғанда, қазақ баспасөзінің тұңғышы «Түскістан уәлаяты» газеті өзінен кейінгі қазақ халқының саяси, шаруашылық және мәдени өміріндегі елеулі оқиға болған мерзімді баспасөзінің тууы мен қалыптасуында айтарлықтай ерекше орын рөл атқарды, болашаққа жол салды [1, 7].

Ал, әлемде сұлулықтың елі болған Франциядағы алғашқы баспасөз 1631 жылдан жарыққа шыққан «La Gazette» баспасөзі болған. Негізін қалаған Теофраст Ренодо. Ғалымдардың айтуынша, бүгінгі газеттерге ұқсас ең бірінші басылым осы болған. Алғашқы басылымының маңызды ерекшелігі – оның редакторы Людовик XIII болды, бұл туралы Ришелье мәлімдеген. Осы «La Gazette»-де алғашқы ақылы жарнама да жарияланған [2].

Сол кездегі Франция билігіне өз саясатын түсіндіру және дәріптеу үшін өз қарамағындағы арнайы баспасөзді қажет етіп тұрды. Болашақ кардинал болған Ришелье патшалықтың үкімі бойынша «La Gazette» басылымында мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатындағы жаңалықтарды, түрлі тақырыптардағы докладтарды, ұстанымдағы тауар бағалары туралы мәлеметтереді шығарып отырған. XVII ғасырда 8000 көшірмесі шыққан. 1670 жылдарда 4500, 1749 жылы 1749, 1788 жылы 6250 тиражды құраған [3].

Бірнеше онжылдықтарға дейін ешқандай газет-журнал аталмыш газетке бәсекелес бола алмаған.

Франция журналистикасы үшін аса маңызды жылдар ұлы француз революцияларының бастау алған тұсы болды. Сол кезден цензура дерлік жойылған. Бұқаралық ақпарат құралдарының нағыз қарқынмен дамығаны соншалық, елдегі газеттердің саны 150-ге жетті. Басылым беттері тек қана ақпарат тарату құралы емес, революционерлердің соғыс майданына айналған еді.

Ал, радионың қалай дамығанына тоқталар болсақ, Францияда А. Лапов пен Г. Маркони құрастырған электромагнитті толқын арқылы ақпарат тасымалдау амалы байланыстың жаңа құралы ақпарат таратудың келесі түрінің дүниеге келуіне себепші болды. Бұл тек қана радиоқабылдағыштардың аз ғана санымен түсіндірілмеді сонымен қатар, алғашқы жылдары радиоқұралдарының жетіспеушілігінен ақпарат беру тек қана кодпен жазылған түрде жүзеге асты. Телеграфтағы секілді нүкте мен сызықшаға дейінгі берілген мәтіндерді аудару алатын Морзе жүйесі қоданылды. Радионың бұқаралық ақпарат құралы ретіндегі рөлі мен маңызы бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында артты [4].

1906 жылы американдық Ли Де Форест радиоқұрылғыларда қолданылатын дыбыстық хабарламаларды, музыканы, шулы эффектілерді жіберуді іске асыратын аудиоэлектрон вакуумдық лампаны ойлап тапты. 1908 жылы өнертапқыш алғаш рет музыкалы бағдарламаларды ұйымдастырды. Ол радиосигналдар Париж қаласындағы Эйфель мұнарасынан жіберілген хабарламалар болатын, радиусы 500 мильге дейін тарады. Ұзақ қолданыстан дами түскен электрондық-вакуумдық лампалар радиотехникада ақпаратты және радионың сазды ресурстарының маңызыдылығын артуына, қалың көпшіліктің мүмкіндігіне, қызығушылығының тууына себепші болды. Әлемнің бірнеше елдеріне радио тыңдармандардың жүрегінен жол таба білді [4].

Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде екі аралық армия мен ВМС кемелерін радиобайланыспен қамтамасыз етті, сондай-ақ алғашқы радио берілімдер үгіт-насихат мақсатында және жаудың жалған хабарлары радио қабылдағыштардың маңызының артуына септігін тигізді. Радио хабарламаның техникалық базасы жетіле түсті. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін экспериментальді бағдарламалар саны өсе түсіп, ол біршама радио тыңдармандардың мекен-жайларына жіберіліп отырды. Өртүрлі елдердің баспасөзінде радионы насихаттау кеңінен жүргізіліп, бұл қалың көпшіліктің қызығушылығының артуына себеп болды. Шетелдік тыңдармандарға бағыпталған бағдарламалар бастапқыда Еуропалық державалардың тілінде тарады. 1927 жылы Гандия теңіздің ар жағындағы өз иеліктеріне арнап хабар жүргізе бастады. 1931 жылы француздықтар да теңіздің ар жағындағы жерлеріне хабар жіберу мақсатында Бразилияда, 1964 жылға дейін қызмет атқарған радиобағаналар орнатты. Осылай, Африкаға арналған француздық радиобағдарлар тарады [4].

Қазақ даласындағы радио Ақтау қаласында (Бұрынғы Шевченко, Форт-Александровск) пайда болған. Марат Барманқұловтың зерттеуі бойынша, қазақ даласына радионың келуі отарлау саясатының жүзеге асыру жолындағы шара. Дегенмен де, бертін келе қазақ халқының мәдениеті мен тілін, діні мен тарихын т.б ұлттық құндылықтарды ғасырдан-ғасырға жеткізіп отырған ос радиохабарлардың арқасында жүзеге асты.

1925 жылғы қаңтардан бастап, Семейде Радио Достары Қоғамы өмірге келеді. Үйірме әрең дегенде ақпаратқа қолы жетіп, олардың жұмысы күшейе түседі. Ұйымда 150 адам болды [3].

Осылайша, соғыс жылдарында да майдандағы жауынгерлердің, тылдағы жұмысшылардың, қарапайым халықтың «көзі, тілі, һәм құлағы» радио болды-десек, артық айтқандық емес.

Телевидениеге келетін болсақ, Франция еліне бұл сала XIX ғасырдың басында еңсе, Қазақ еліне осы ғасырдың екінші жартысында келді. Технология ғасырында телеақпарат тарату бағыты едәуір алға жылжып, дамып кетті.

Бүгінгі таңда 15 жастан асқан күнделікті газет оқитындар саны бойынша Франция көш бастап тұр. Елде 10 мыңнан астам басылым редакциялары болса, соның 100 12 млн экземплярда шығатын күнделікті газеттер [5].

Француз басылымдарының ішінде ең атышулы әрі негативті тұрғыдан танымал сатиралық журнал «Charlie Hebdo». 2015 жылда Пайғамбардың бейнесін әжуалап шығарғандары үшін тек аталмыш редакция алқасы емес, қарапайым халық да зардап шегіп қалған болатын. Бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметінше, осы ақпар салдарынан 2015 жылдың қаңтар айында Парижде «Charlie Hebdo» журналы редакциясына қарулы үш адам шабуыл жасап, 12 адам мерт болған. Қаза тапқандар арасында басылымның бас редакторы мен карикатурашылары да бар. Қарулы адамдар шабуылды журналдың Мұхаммед пайғамбарды карикатураға шығарғаны үшін кек алғандарын айтқан. Шабуылдан кейін Парижде күдіктілерді ұстау операцияларында тағы бес адам қаза тапқан. Журнал редакциясы қаңтардың 14-інде шабуылдан кейінгі алғашқы санында Мұхаммед пайғамбардың кескінін қайта басып шығарған. 3 миллион данамен тараған тираж мұқабасында Мұхаммед пайғамбардың қолына "Мен Чарлимін" деген жазуы бар плакат ұстап, қайғырып тұрған бейнесі басылған. Картина тақырыбы "Барлығы кешірілді" деп аталады. Бұл оқиға ислам дінін ұстанатын мемлекеттерде біраз талқыға түсіп, наразылықтар білдіріліп, соңында басылым басшылығы Пайғамбарға қатысты карикатура шығармауға сөз берген болатын [6].

Францияда мемлекеттік және мемлекеттік еме бұқаралық ақпарат құралдары бар. Сәйкесінше, халық және БАҚ өкілдері кез келген жерде билікке қарсы сөз қозғап, өз ойын еркін түрде жеткізуге құқылы. Ал, бізде ше? Мейлі мемлекетке тиесілі болсын, мейлі жекеменшік әйтеу ешқандай ақпарат көздерінде ешкім ашық мәлімет тарата алмайды. Міне! Қазақ журналистикасының ақсап тұрған тұсы осы, меніңше. Журналистиканың-десек те, қате болар. Мемлекет басындағылардың рұқсатынсыз бас редактор оны жарыққа шығара алмайды, ал басшысыз қарапайым тілші қалай шығарсын?!

Журналистерге деген теріс көзқарас осы тұста туындаса керек. Дегенмен, ақпарды нейтралды түрде жеткізуші де, «проблемасыз» саясат, мәдениет, спорт салаларындағы жаңалықтарды беруші де айналып келгенде – журналистер.

Осынау сан мыңдаған жылдарға созылып жатқан тарихы бар бұл сала өз құнын жоғалтып, жойылып барады-деу, бекершілік.

Әдебиеттер:

1. Аллаберген. Ж. Нұсқабайұлы. Ф. Оразаев. «Қазақ журналистикасының тарихы». – АЛМАТЫ: «БІЛІМ», 2010. - 308 б.
2. [www.old.el.kz](http://www.old.el.kz)
3. [www.wikipedia.org](http://www.wikipedia.org)
4. [www.Studfiles.ru](http://www.Studfiles.ru)
5. [www.Studbooks.net](http://www.Studbooks.net)
6. [www.Nur.kz](http://www.Nur.kz)